



№32 (2640)
12/05/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

Уважаемые сотрудники редакции!

Поздравляю вас с 90-летним юбилеем старейшего отраслевого печатного издания страны – газеты «Қазақстан теміржолшысы».

Все это время газета неизменно остается самым уважаемым и компетентным источником информации о жизни и развитии стальной магистрали Казахстана. Ваш творческий коллектив является примером профессионализма и мастерского владения словом. Каждая тема, освещаемая на страницах газеты, вызывает огромный интерес у многотысячного коллектива железнодорожников.

И мы особенно гордимся тем, что с начала текущего года «Қазақстан теміржолшысы» стала выходить под издательством АО «Қазақстанский отраслевой профсоюз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта». Спустя 90 лет судьба газеты по-прежнему неразрывно связана с судьбой дороги и отраслевого профсоюза.

Век информационных технологий ставит перед редакцией «Қазақстан теміржолшысы» новые глобальные задачи, и нет сомнений, что костяк профессионалов во главе с главным редактором Диной Муздобаевой успешно с ними справится. Желаем вам дальнейшего творческого роста, расширения читательской аудитории и процветания!

Оразгали АХМЕТБАЕВ,
председатель
ОО «КАЗПРОФТРАНС»

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ»
ГАЗЕТИНІҢ РЕДАКЦИЯСЫНДА

29

АДАМ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

САЛАЛЫҚ БАСЫЛЫМНЫҢ

14

ОБЛЫСТА ОРЫС-ҚАЗАҚ ТІЛДІ
МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕРІ БАР

ГАЗЕТ ТАРАЛЫМЫ

20 000

ДАНАНЫ ҚҰРАЙДЫ



Солидный юбилей

Корпоративная газета АО «НК «ҚТЖ» – «Қазақстан теміржолшысы» – отмечает 90-летний юбилей. Свою летопись старейшее отраслевое издание страны ведет с 12 мая 1931 года.

Первым редактором газеты, выходящей в то время под названием «Турксиб», был инженер-путеец Макай Жунусов. В течение нескольких лет она издавалась только на русском языке. В 1934 году увидел свет выпуск газеты на казахском языке.

В истории «Қазақстан теміржолшысы» немало ярких страниц. Газета всегда шла в ногу со временем и являлась главным источником оперативной и достоверной информации о трудовых буднях и важных событиях стальной магистрали.

За прошедшие десятилетия менялись названия, объем, дизайн и поколения журналистов, но главное оставалось неизменным: высокий профессионализм, принципиальность и объективность публикаций. Фундамент, заложенный талантливыми главными редакторами, журналистами и писателями, сотрудничавшими с газетой, позволяет отраслевому изданию на протяжении долгих лет удерживать высокую планку качества среди печатных СМИ страны и СНГ.

– Все эти годы «Қазақстан теміржолшысы» была в гуще железнодорожной жизни страны, завоевала любовь читателей, зарекомендовала себя как источник актуальной информации и серьезной аналитики. За всем этим стоит кропотливая работа

и высокая самоотдача сотрудников – талантливых, увлеченных людей, настоящих профессионалов своего дела, – считает председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Нурлан Сауранбаев.

Сегодня над газетой работает штат корреспондентов в столице и регионах. Собственные корреспонденты освещают актуальные события из жизни стальной магистрали в 14 областях Казахстана. Коллектив редакции постоянно находится в поиске интересных тем и векторов развития газеты.

В 2018 году газета «Қазақстан теміржолшысы» победила в номинации «Лучший дизайн» 11-го Центрально-Азиатского конкурса корпоративных СМИ, в котором участвовало свыше 20 печатных и электронных корпоративных изданий.

По итогам первого квартала 2021 года «Қазақстан теміржолшысы» вошла в Топ-5 наиболее выпускаемых республиканских газет.

Газета «Қазақстан теміржолшысы» приобрела заслуженный авторитет ни у одного поколения читателей – сотрудников дороги, ветеранов железнодорожной отрасли, а также представителей других транспортных структур.

Редакция

Қадірлі газет ұжымы!

Сіздерді мерейлі мерекелеріңіз – «Қазақстан теміржолшысы» газетінің шыққанына 90 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын! Өзіндік өресі мен ұстанымы бар мерзімді басылымдардың бірі ретінде газет тарихы еліміздің тағдырымен және отандық теміржолдың дамуымен тығыз байланысты.

«Қазақстан теміржолшысы» 90 жылдан бері Қазақстан магистралінің жылынасын жүргізіп келеді. Басылым әрдайым теміржолда болып жататын оқиғалардың бет-бейнесін ашып көрсете білген айнасы да. Сондықтан да болар, әр разғезде, станцияда немесе алыс шалғайда жатқан шағын станциядағы оқырмандары сүйікті газеттерін асыға күтетіні.

Осы жылдар ішінде басылым темір жол өмірінің қайнаған ортасында жүрді, оқырмандар сүйіспеншілігіне бөленіп, өзін өзекті ақпарат пен байытты талдау көзі ретінде көрсете білді.

Әрине, бұның артында «Қазақстан теміржолшысы» қызметкерлерінің өз ісіне берілгендігі, адалдығы және кәсіби қажыр-қайраты тұр.

Оқырмандар жүрегіне жол салған газетіміздің қоғамда өзіндік орны бар және бай дәстүрге ие. Олай болса, «Қазақстан теміржолшысы» газеті алдағы уақытта да қарқынды дамып, оқырмандарын қызықты да мазмұнды мақалаларымен қуантып, жұмыстың жаңа форматтарын табытына сенімдімін.

Баршаңызға амандық, шығармашылық шабыт және толағай табыс тілеймін!

Нурлан САУРАНБАЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ
Басқарма төрағасы

ТЕМІРЖОЛШЫ ТІЛШІЛЕР

Теміржолшылардың төл басылымы «Қазақстан теміржолшысы» газеті – сонау 1930 жылдары жарыққа шыққан «Турксиб» газетінің заңды мұрагері. Алматы теміржолының бай мұрағатынан сол отызыншы жылдары шыққан номерлердің сарғайған тігіндісін көруге болады.

Біртұтас Қазақ темір жолы құрылған 1958 жылдан 1977 жылға дейін «Теміржолшы» – «Железнодорожник» деген атпен шығып тұрған газет одан кейін бірнеше рет құрылымдық өзгерістерді бастан кешкенмен, атқаратын функциясы өзгерген жоқ. Ол – теміржолшыларға ақпараттық қызмет көрсету.

Қазақ темір жолы үш жол басқармасына бөлінген соң әр жолдың өз органы болды. Алматы темір жолында «Турксиб тынысы» – «Новь Турксиба», Тың темір жолында «Целинный магистраль» – «Тың магистралі» және Батыс темір жолында «Болат жол» – «Стальной магистраль» газеттері 1997 жылға дейін жарық көріп тұрды. Ал «Қазақстан темір жолы» мемлекеттік кәсіпорны құрылған соң жоғарыдағы үш жолдық газет базасында республикалық теміржолшылар органы – «Қазақстан теміржолшысы» дүниеге келді.

Теміржол газетінің журналисі болу – күрделі де жауапты міндет. Өйткені, еркін қалам тартатын қоғамдық саяси газеттер секілді емес, тақырып тек техникалық терминдермен байланысты теміржолға негізделген салада тер төгу үшін көп ізденіс, еңбектену қажет екені белгілі. Тақырыпты терең ашу үшін тек журналист болу жеткілісіз, теміржолшы да болып қалыптасу шарт дер едім. Сондықтан салалық газетке тілші дайындау – ұзақ процесс.

Теміржол газетінде отыз жылға жуық жұмыс істеп келе жатқан мен осы уақыт аралығында салалық тақырыпқа төселген талай мықты журналистермен әріптес болдым. Олар Татьяна Москвичева, Бақытжан



Тастүлеков, Татьяна Ширинова, Гүлнара Распаева, Тұрсынбай Жандәулетов, Нина Қазбаева, Ермек Қойшыбаев, Талғат Кирбетов (марқұм), Бекзаттар Дінәсілов секілді нағыз талантты теміржолшы-журналистер еді.

Газет Қазақстан темір жолымен бірге елордаға қоныс аударған соң газетке жаңа буын, жас журналистер легі келе бастады. Олардың арасында да күрделі тақырыпқа тез бейімделіп, теміржол тақырыбына төселген тілшілер аз болмады. Сұлугүл Бакесова, Райхан Рахметова, Халима Тәжіқұл, Ирина Бекетова (марқұм), Любовь Ровба, Эсель Шайхынова, аймақтардағы тілшілер арасынан Қосүйім Мұқашев, Қуаныш Қожаев, Сабырхан Нәдірбаев, Динара Балқыбекова, тағы басқа журналистер аға буын тілшілер жолын абыроймен жалғап, бірқатары әлі

күнге салалық газетте тер төгіп келеді. Газетке белгілі журналист Лилия Ержанова басылымға еткен жылдары аймақтағы тілшілер қосынын ашуға ықпал етті.

Бүгінгі күні ұзақ жылдар бойы газетке жанашыр болып, біздің тілшілерімізге қашан да қолдау көрсетіп, газет таралымына атсалысып келе жатқан теміржолшы әріптестерімізді де атап өтсек, артық болмасы анық. Олар: барлық Жүк тасымалы бөлімшелері мен Магистральдық желі бөлімшелерінің басшылары, кадр қызметкерлері, кәсіподақ ұйымының өкілдері және жер-жердегі штаттан тыс тілшілеріміз.

Төл газетіміздің 90 жылдық мерейтойы құтты болсын, қымбатты әріптестер!

Меруерт ЕСЕНБЕКҚЫЗЫ
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ДОРОГИЕ КОЛЛЕГИ!

Желаю вам и вашим читателям еще как минимум 90 лет безоблачного существования и интересной работы.

Железная дорога – это отдельный мир, и писать о нем – особое удовольствие. Мир этот, хотя и разделен государственными границами, все же сохраняет свою общность, и эта общность не только единая колея 1520, но еще и общий дух, общее мышление, отношение к работе и, будем справедливы, даже гордость за сопричастность к общему большому делу. И вот для того, чтобы гордость эта никуда не ушла, и нужны такие газеты, как наша и ваша. Где еще, как не в отраслевой газете, железнодорожник прочтет новости компании, узнает о своих возможностях обучения и карьерного роста, где еще ему понятно и доходчиво расскажут о стратегических планах развития отрасли и о том, какое место он занимает в этих планах. Словом, газета неотделима от дороги, а дорога от газеты. С днем рождения!

Алексей ХАРНАС,
главный редактор газеты «Гудок»

Өзімнің және «Кыргыз темір жолу» ұлттық компаниясы» мемлекеттік кәсіпорны ұжымы атынан «Қазақстан теміржолшысы» газетін 90 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

90 жыл – басылым бетінен шынайы және әділ бағасын ала отырып көрініс тапқан бүтін бір дәуір деуге болады. Осы сан алуан, тіпті кейде өте күрделі болып келген онжылдықтардың ішінде «Қазақстан теміржолшысы» газеті темір жол көлігі саласындағы басты және беделді басылым болып қала береді. «Қазақстан теміржолшысы» біздің қырғыз теміржолшыларына да жақсы таныс. Басылымның бай тарихы мен қоғамдық маңызы – шығармашылық топтың қажырлы еңбегінің арқасы. Газет бірнеше буын журналистерін тәрбиелеп шығарған үлкен мектепке айналды.

Сіздерге Қазақстан теміржолынан объективті және жүйелі ақпарат беріп, жалпы 1520 мм кеңістігінде болып жатқан жаңалықтар мен теміржолшылар өмірінен, саланың дамуынан құлағдар еткендеріңіз үшін рахмет айтамыз!

Газет редакциясына алдағы уақытта мықты шығармашылық табыс тілеп, оқырмандар аудиториясының кеңейіп түсуіне шын жүректен тілектестік білдіремін.

Адылбек АДРАНОВ,
«Кыргыз темір жолу» ҰК» ММ бас директоры

№32 (2640) 12/05/2021

Құттықтаймыз!

Теміржолшылар басылымы сонау Түркісіб теміржолының іргетасы қаланып жатқанда жарық көре бастады. Бастапқыда жай ғана ұнпарақ ретінде шыққан басылым ұлы құрылыстың барысы туралы мақалаларды жариялап, жаңалық жаршысы болды. Ал уақыт өте келе салалық газет салмақты басылымға айналды. Қазақ теміржолының тыныс-тірлігі, сала еңбеккерлерінің жетістіктері мен жасампаз еңбек-ерліктері газеттің бірінші бетінен бастап соңғы бетіне дейін жарияланып жатты. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» демекші, салалық газет саланың кем-кетігін түзеуге де атсалысты. Басылым беттерінде жарияланған мақалалардағы әділетті сыни мәселелер ешқашан ескерусіз қалмай, дер кезінде оң шешімін тауып жатты. Газет журналистері де теміржолшылар сияқты күн-түн демей дала кезіп, қазақтың сайын даласына әрлі-берлі жолақтар салып өткен магистральдық желілерге шығып, құрылыс жүріп жатқан немесе оқыс оқиғалар орын алған «ыстық» нүктелерден табылып, барды бар, жоқты жоқ деп, әр мақаланың объективті сипатта болуына барын салды. Иә, қазір ескінің көзіне айналған «Қазақстан теміржолшысының» өткен ғасырдағы нөмірлерін кітапхана архивтерінен тауып, оқуға болады. Заман ағымына қарай газеттің стилі, дизайны, тіпті атаулары өзгеріп отырғанымен, мақсат-міндеті өзгерген емес. Ол – теміржол саласының және сала еңбеккерлеріне адал қызметі. Яғни, бірнеше мыңдаған халықты жұмыспен қамтып, ел игілігіне қызмет етіп отырған темір жол саласының тыныс-тірлігін жариялау, халықты тың жаңалықтардан хабардар ету, уақыт көшіне ұн қосу. Газет сонысымен де құнды, теміржолшылардың асыға күтіп, іздеп оқитын туындысы. Қазір сандық жүйенің үстемдік құрып тұрған заманы. Жаңа технологиялардың дендеп енуімен көп газеттер жабылып, олардың тек электрондық нұсқасы жасалып, таратылуда. Бірақ, бұл «Қазақстан теміржолшысы» газетіне келіңкіремейді. Неліктен десеңіз, интернеті, тіпті жарығы бірде бар, бірде жоқ шалғайдағы бекет-разъездерде тұратын теміржолшының Қазақстан темір жолында болып жатқан жаңалықтар, өзгерістерден хабардар болу үшін төл басылымын асыға күтетінін естен шығармау керек. Мен бұны сала ардагері, Құрметті теміржолшы, газеттің тұрақты оқырманы ретінде толық сеніммен айта аламын. Тіпті, үлкен қалада тұратын менің өзім газетті қолымға «тірідей» ұстап, иісін сезініп оқығанды ұнатамын. Бұл газетте менің тағдырыма айналған теміржолдың, теміржолшы әріптестерімнің өмір жолдары, еңбектері, жеткен жетістіктері, тағысын тағы ізтаңбалары сайрап жатыр.

«Қазақстан теміржолшысы» газетін 90 жылдық мерейтойымен құттықтап, Қазақ теміржолы сияқты өрісі кеңейіп, теміржолшылар деп соққан жүрегі тоқтамасын демекпін.

Қалтай СӘМБЕТОВ,
Құрметті теміржолшы, сала ардагері

Біздің сүйікті газетіміз «Қазақстан теміржолшысы» тоқсан жылдық мерейтойымен бүкіл Түркістан облысы теміржолшылары атынан құттықтаймыз!

Бұл басылым теміржолшылар, әсіресе, желілік қызметкерлер арасында сұранысқа ие. Газет теміржолдың барлық құрылымдық мекемелеріне қатысты мәселелерді, атап айтқанда, пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, еңбек және қоршаған ортаны қорғау тақырыптарын көтереді. Сонымен қатар жұмысшылар мен құрметті еңбек демалысында жүргендерге кепілдеме болатын салалық тарифтік келісімшарттың орындалуы бойынша да сұрақтарды қозғайды. Көлік қызметкерлерінің құқығын қорғау жайы жиі жазылады. Газет ұжымына осы қажырлы еңбегі үшін көп рәхмет айтамыз, басылымның алғашқы қарлығаштары оны қабылдастыруға орасан зор үлес қосты. Соның ішінде Шымкент теміржолшыларына көп көмек көрсеткен Меруерт Әмірзақованы ерекше атағым келеді. Сондай-ақ қазір зейнеткер, басылымның осы өңір бойынша ардагер тілшісі Бекзаттар Дінісқановті өте сауатты маман болды деп атап өнім. Сөз соңында газеттің бас редакторы Дина Муздыбаева бастаған бүкіл ұжымды маңызды мерекеміз құттықтап, бәріңізге мықты денсаулық, мол табыс тілеймін!

Майра БАҚБЕРГЕНОВА,
Құрметті теміржолшы, Шымкент ЖТ бөлімшесі Ардагерлер кеңесінің төрайымы

«Қазақстан теміржолшысы» газетінің шығармашылық ұжымымен 90 жылдық торқалы тойларымен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбектеріңізге табыс, жаңа шығармашылық жетістіктер, отбасыларыңызға ырыс-береке тілейміз.

Ғасырға жуық уақыт ішінде газет теміржолшыларының ерен еңбегін дәріптеп, сала тынысынан хабардар ететін негізгі басылымға айналды. Темір жолдағы еңбек дүрсілі мен іске асып жатқан тың реформалардың басты хабаршысы бола білді. Салалық басылымдар ішінде ең көне ақпарат құралдарының бірі. Дәстүрлер жалғасын тауып, дәуірге басқан қадамдарыңыз құтты болсын.

Сіздердің қаламдарыңыздан шыққан әрбір мақала, репортаж, материалдар оқырмандарыңыздың ыстық ықыласына бөленсін. «Қазақстан темір жолы» акционерлік қоғамының үлкен еңбек ұжымы арасында алтын көпір, беделді басылым бола беріңіздер. Жемісті жылдар жалғасын тапсын!

Құрметпен,
«Минайлу текен» газетінің редакциясы

Сала баспасөзінің тоқсан жылдық тарихын саралағанда Алматы темір жолы басқармасының ресми органы болған «Түркісіб тынысы» – «Новь Турксиба» газетіне тоқталмай кете алмаймыз. 1958 жылдан 1977 жылға дейін өмір сүрген Қазақ теміржолы үш жол басқармасына бөлінген соң әрқайсысының өз газеті жарық көре бастағаны аян. Бүгінде Алматыда тұратын қарт журналист Тоқтарбек Қожанов естеліктерімен бөлісті.



САЛАЛЫҚ ГАЗЕТТІҢ САЛМАҒЫ БАСЫМ ЕДІ...

Меруерт ӨМІРЗАҚОВА,
Нұр-Сұлтан

– Мен «Түркісіб тынысы» – «Новь Турксиба» газетінің редакторы болған тоқсаныншы жылдары Алматы темір жолын Амангелді Омаров басқаратын. Теміржолшылар «жолдық газет» деп атайтын шағын форматтағы газет екі тілде бөлек жарық көріп тұрды, алғашында аударма көп болды, бас мақала міндетті түрде жол бастығы атпа сайын өткізетін өндірістік секторлық жиынның басты тақырыбына арналған. Ол сондықтан қайталанбайды және өткір – қазандықтар қысқа дайын ба, көктемгі немесе күзгі байқау қорытындысы, жолдаушы тасымалының проблемасы деген күрделі мәселелерден бастап мектеп-интернаттар жай-күйі, балабақшаларға көкөніс жеткізу, ауруханалар ауласын көгалдандыру секілді ұсақ-түйекке дейін бас мақалаға шығаратынбыз. Себебі, секторлық жиында осының бәрі сөз болатын. Ол кезде теміржол деген өз мектебі, балабақшасы, мәдениет үйі мен кітапханалары, стадион, спорт мектебі, ауруханасы, т.т. бар «мемлекет ішіндегі мемлекет» еді.

– Жол басқармасының ресми органы – газеттің салмағы қалай болды сол кезде?

– Өте салмақты. Жол бастығының өзі қадағалап отырды, менің барлық өндірістік жиындарға қатысуым міндетті болатын. Әлі күнге есімде, бірде менің бір тілшім «Шудан Сарышағанға дейін» деген мақала жазды іссапардан. Жол бойындағы станциялар, теміржолшы халықтың тұрмысы, арасында сын да бар көлемді мақала жарыққа шыққан соң келесі секторлық жиында жол бастығының өзі сол мақаланы сөз етіп, аты аталған бастылар мен қосшыларға қателікті тез арада жоюды тапсырды. Сондықтан, ол кезде тек Алматы жол басқармасына қарайтын алақандай аумаққа тарайтын газетіміздің беделі өте жоғары болды, біз теміржолшылардан бір де кем болмадық, олар пайдаланған барлық жеңілдіктер бізге де тиесілі болды, өзімізді нағыз теміржолшылардай сезіндік. Сондықтан бізде жауапкершілік те зор болды, жолсапарға жиі шығып, жаңалықты іздеп жүріп жазатынбыз, шын мәнінде, теміржолшылар өмірінің айнасы болды. Атақты

Машат көпірі салынған тұста біздің тілшілер құрылысты ұдайы бақылауда ұстап, жиі барып, репортаж беріп тұрдық.

– Тоқтарбек Рәпұлы, сол жылдары газетте істеген журналистер туралы айтып берсеңіз, отыз жыл өтсе де бұл тарих қой...

– Әрине, өткен күннің бәрі тарих. Сексенінші жылдардың соңы мен тоқсаныншы жылдардың басында газетте өте мықты кадрлар топтасқаны шындық. Татьяна Москвичева мен Татьяна Ширишова деген екі кәсіби журналист болды. Теміржолдың кез келген саласын терең меңгерген олар көптегі теміржолшылардай білімді еді. Ол екеуі менен де бұрын осы газетте шыңдалған, кезінде мықты редактор болған Шакирова деген кісінің мектебінен өткендер еді.

– Клара Мүслімқызы Шакирова ғой айтып отырғаныңыз. Теміржол газетінің тарихында «Құрметті теміржолшы» белгісін алған тұңғыш редактор.

– Иә, сол кісінің тәрбиелеген кадрлары бертіңге дейін осы газетте жұмыс істеді. Ирина Круч ұзақ жыл редактордың орынбасары болды, Володя Александров, Марат Назимовтар бертіңге дейін жұмыс істеді. Сүният Оспанов деген кәсіби фотограф болды. Үш жол

басқармасының газеті жабылып, біздің Алматы газетінің базасында бүгінгі «Қазақстан теміржолшысы» құрылғанда осы журналистердің біразы сонда ауысып, мен зейнетке кеттім.

– Сол жылдары газетке хат көп келетіні есімде, есіңізде қалған авторлар бар ма?

– Ол кезде бүгінгідей ақпарат көзі көп болмады, сондықтан газет – әсіресе, шалғайдағы теміржолшылар үшін бірден бір ақпарат көзі болды. Сондықтан хат көп келетін, олармен жұмыс істеудің өзі бір ғанибет болатын, жергілікті жаңалық, хабар-ошарды жеткізуші біздің ең сенімді көмекшілеріміз де сол штаттан тыс тілшілер еді. Түркістаннан Тасболат Мелдәбеков, Құрбанәлі Бектұрғанов, Шымкенттен Құлахмет Темірбеков, Өскеменнен Тихон Әліпқали, Анатолий Буяков, Семейден Амангелді Әпсәметов... көпін ұмытыпшып, баспасөз күнінде оларға алғыс хат жолдайтынбыз.

Қарап отырсам, сол теміржол газетінде жұмыс істеген жылдарымның менің өмірімдегі ең маңызды жылдар болған екен. Шығармашылығы мықты ортада жұмыс істедім, жаны таза, қарапайым теміржолшы деген мәрт халықпен етене араласып, олардың мұң-мұқтажымен бөлісіп, қуанышына ортақтастық. Әлі есімде, 95 жыл болу керек, Арыста ауыз су тапшы баяғыдан, бір керемет оқиға болып, Арысқа су келді деп сүйіншілеткенбіз. Ал Шу мен Отар аралығы электрлендіріліп, оған Елбасы қатысқаны нағыз сенсациялық оқиға болып, бір ай ұйқы-құлқиден айрылып, журналистеріміз мен барам деп таласқаны күні бүгінгідей көз алдымда...

– Рахмет, керемет естелік айттыңыз. Сала баспасөзінің тоқсан жылдығына орай бүгінгі әріптестеріңізге қандай тілек айтар едіңіз?

– Теміржол газетінде журналист болып қалыптасу асте де оңай емес, өндірістік саланың қиындығы да, қызығы да жетерлік, ең алдымен сауаттылық, техникалық білім қажет. Сондықтан, шығармашылық талмай ізденіс, теміржолға адалдық болса, бәрің жеңесіздер, жемісін де көресіздер деймін.

Қызығы да, қиыншылығы да мол тоқсаныншы жылдар еліміздің өмірінде аса күрделі кезең болуымен қатар, келелі істерді ұйымдастыру дәуірі де болды. Қазақстан экономикасы бұрынғы кеңестік жоспарлы экономикадан әлемдік тәжірибеге сай келетін нарықтық экономикаға көшіріліп жатты.



МЕРЕЙЛІ МАҚСАТ ЖОЛЫНДА

Бұрын Қазақстанның темір жолдары еліміздің шикізат байлығын Мәскеу басқарған орталыққа тасу үшін арналған болатын. Біздің елімізде өз бетінше әрекет ететін үш темір жол – Алматы, Батыс, Тың жолдары жұмыс істеп тұрды.

Теміржолшылардың алдында жаңа дәуірдің талаптарына сәйкес, тәуелсіздік алған еліміздің мүддесіне, оның экономикасына қызмет ететін, бір орталықтан басқарылатын темір жол басқармасын құру міндеті тұрды. Соған сәйкес үш темір жол біріктіріліп, «Қазақстан темір жолы» РМК құрылды. Және үш темір жолда шығып тұрған газеттер біріктіріліп, «Қазақстан терміржолшысы» деген атпен жаңа басылым шыға бастады. Бұл газетке белгілі журналист Бақытжан Тастүлеков бас редактор болып тағайындалды.

«Қазақстан терміржолшысы» газетіне, ол құрылған сәттен бастап, темір жолдың тыныс-тіршілігін жан-жақты сипаттау, оның жаңа саясатының басты бағыт-бағдарларын баяндап, көрсету, жетістіктері мен жаңашыл бастамаларын елге жеткізіп отыру, сондай-ақ жолдың жұмысындағы кемшіліктері мен жетіспей жатқан тұстарын да жасырмай жазу міндеті қойылды.

Кез келген істі жаңадан бастау қиын ғой – жаңа газетті ұйымдастыру жұмыстары да оңай болмады. Газетті қажетті дүниелермен қамтамасыз ету, баспаханалармен келісім-шарттар жасау, басылымға оқырмандар жинау, газеттің жаңа шыққан нөмірлерін бүкіл

темір жол бекеттеріне, ұжымдарына тарату, т. б. толып жатқан ұйымдастырушылық жұмыстары бір бөлек. Сонымен қатар, газеттің әрбір нөмірін оқырман теміржолшылар үшін қызықты етіп шығару, тың материалдар, тақырыптар таба білу, тілшілермен жұмыс істеу сияқты бітпейтін шаруалар да атқарылып жатты.

Бас редактордың орынбасары ретінде мен осы қызу жұмыстардың бел ортасында жүрдім. Бұл мен үшін аса қызықтылық, дегенмен қиын да күрделі жылдар болды. Біздің темір жол газетінің сол кездегі ұжымы барлық қиындық-кедергілерді жеңіп, тәуелсіз елдің темір жолының өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосты деп есептеймін.

Қазір көріп отырғанымыздай, тәуелсіздік жылдары темір жолдың Қазақстанның мүддесіне қызмет етуі үшін орасан зор көлемдегі жұмыстар атқарылды. Өскемен – Шар, Алматы – Хромтау, Жезқазған – Бейнеу, Арқалық – Шұбаркөл, т.б. жолдар салынып, пайдалануға берілді. Жалпы алғанда, темір жол көлігі жүк және жолаушылар тасымалдау бойынша өз қызметін жылдан жылға жетілдіріп, абыроймен атқарып келеді. Осы жұмыстардың басы-қасында болып, жолдың тыныс-тіршілігін жан-жақты сипаттап, көптеген келелі проблемаларын көтеріп, ел игілігіне қызмет етіп жүрген темір жол газеті ұжымына осынау мерейлі мақсат жолында шығармашылық табыс тілеймін. Еңбектеріңіз жемісті болсын!
Тұрсынбай ЖАНДАУЛЕТ,
жазушы

БАТЫСТЫҢ «БОЛАТ ЖОЛЫ» БОЛДЫ

Батыс Қазақстан теміржолшыларының «Болат жолы» – «Стальная магистраль» газеті 4 мыңға жуық данамен 20 жыл бойы оқырман жүрегіне жол тапқан сүйікті басылымы болды.



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Қазақ және орыс тілдерінде Ақтөбе қаласындағы Батыс Қазақстан теміржол басқармасының баспаханасында басылған газет 1977 жылдан 1997 жылға дейін жарық көрген. Осы уақыт аралығында теміржолшы-оқырмандарына болат магистральдің тыныс-тіршілігін жан-жақты баяндап, елеулі жаңалықтары мен маңызды оқиғалардан хабардар етіп отырған басылым батыс өңірінің теміржолшылары үшін ең басты ақпарат көзі болған деседі.

Бүгінде магистральдық желі бөлімінде еңбек етіп жүрген Сәнімгүл апай 20 жыл бойы газет редакциясында жұмыс істеген екен.

«1986 жылдан бастап редакцияда жұмыс істедім. Ол кезде «Болат жол» мен «Стальная магистраль» газеттерінің гүрлдеп тұрған кезі еді. Теміржолшылар әр апта сайын газеттің шыққанын асыға күтетін. Екі газеттің редакциясында отызға жуық адам еңбек еттік. Ол кезде техника басқа болатын. Бірінші материалдар теруге, одан кейін тексеріске, соңында басуға жіберіледі. Оқырмандары көп болды. Жұмысшыларға да барлық жағдай жасалды. Баспахана Ақтөбе жол басқармасының ішінде болатын. Кейін газет жабылғаннан кейін редакция қызметкерлері жан-жаққа шашырап кетті», – дейді Сәнімгүл апай.

Газет алғашында Ақтөбе облысының Алға ауданында басылып шыққан. Редакция ұжымы бұл кезде газет таратудың қиынға соққанын айтады. Кейін темір жол баспаханасы ұйымдастырылып, газет шығару ісі жолға қойылған. Құрылтайшылары жол басқармасы мен кәсіподақ комитеті барлық шығынын жауып отырған.

1997 жылғы 16 маусымда өткен ҚТЖ алқа мәжілісінде теміржолшылардың республикалық газетін шығару туралы мәселе қаралып, алқа «Қазақстан теміржолшысы» орталық салалық газетін ұйымдастырып, тиісінше «Новь Турксиба» – «Түркісіб тынысы», «Целинная магистраль» – «Тың магистраль», «Болат жол» – «Стальная магистраль» газеттерін жабу туралы қаулы шығарған.

Осыған орай, газет 1997 жылдың 1 тамызынан бастап жұмысын тоқтатқан. Редакция мұны республикадағы үш жолдың бірігіп, «Қазақстан теміржолшысы» газетінің жарыққа шығуымен байланысты екенін оқырмандарына түсіндіріп, соңғы номерде қош айтқандықтан. Соңғы редактор Жақсылық Лұқманов болды.



МЕЖДУ МОЛОТОМ И НАКОВАЛЬНОЙ НАХОДЯТСЯ ОТРАСЛЕВЫЕ ГАЗЕТЫ

Советская железнодорожная пресса, несмотря на то, что управлялась партийными комитетами, всегда была «ершистой», неудобной для многих функционеров железной дороги. Это объясняется ее близостью к грамотному, хорошо организованному рабочему классу, каковым всегда были простые работники отрасли.

Корреспонденты отраслевых газет не могли позволить себе извращения событий или подачи откровенно лживых корреспонденций. В следующий раз такого корреспондента просто не допустили бы на территорию железнодорожного предприятия. Поэтому публикации журналистов, работавших в железнодорожных газетах, в большинстве своем были правдивыми, и даже острыми, содержали принципиальную, обоснованную критику, вскрывавшую недостатки в работе. Высокую планку железнодорожной печати задали работавшие в свое время в «Гудке» Илья Ильф, Евгений Петров, Михаил Булгаков, Валентин Катаев, Юрий Олеша и другие известные журналисты и писатели. Эти традиции позднее передались казахстанской отраслевой печати и были присущи и трем железнодорожным газетам Казахстана,

преобразованным в августе 1997 года в одну – республиканскую отраслевую газету «Қазақстан теміржолшысы». Ее костяком стал коллектив редакции алмаатинской дорожной газеты «Турксиб тынысы» – «Новь Турксиба».

Перед редакцией стояла сложная задача разъяснения целей и задач, политики новой железнодорожной администрации. Железнодорожной дороге предстояло отделиться от статуса «государства в государстве», имевшего свои ведомственные больницы, школы, вуз, санатории, подсобные хозяйства, и сосредоточиться на деятельности, непосредственно связанной с перевозками пассажиров и грузов. Для большинства железнодорожников эти революционные, без преувеличения, преобразования были непонятны. Казалось, эти изменения под корень вырубали все нажитые за долгие десятилетия

достижения социальной политики железной дороги, да и приход новых управленцев, которые раньше знали железную дорогу только по вокалам и купе пассажирского поезда, к тому же возрастом не старше 40 лет, было шоком. Среди старшего и среднего звена руководителей, а затем и среди рабочих зрело недовольство. В этих условиях журналистам дорожной прессы больше всех приходилось выслушивать горькие слова, а то и злобные филиппики железнодорожников, которые они не могли открыто высказать начальству.

Мы считали своим гражданским долгом донести до руководства мнения работников отрасли. Много было напечатано статей на самые злободневные темы, критических корреспонденций. Часто практиковалось предоставление газетной трибуны специалистам, которые критиковали проводимые

реформы. Надо отдать должное руководству отрасли, в силу того, что оно состояло в большинстве своем из молодых людей, толерантных к свободным СМИ, нажима на редакцию не было. Корреспонденты свободно писали на любые острые темы. Лишь один раз, когда мы опубликовали на страницах газеты статью директора Департамента локомотивного хозяйства Аспана Кажигулова, в которой он открыто обвинил руководство «Қазақстан темір жолы» в развале отрасли, один из приближенных потребовал наконец призвать редакцию к порядку. На что получил ответ, что редакция своими публикациями поднимает крышку котла, который в случае излишнего нагрева может взорваться, поэтому пусть продолжают дискуссию, надо чтобы все выговорилось, выпустили пар. Конечно, выступления газеты без

внимания не остались, на поставленные вопросы отвечали соответствующие должностные лица. Время быстро показало необходимость и правильность реформ, так что и напряжение среди читателей газеты постепенно спало. Главным уроком того периода работы редакции стало осознание того, что газета может быть действенным проводником идей руководства отрасли в широкую массу ее сотрудников и прочной обратной связи персонала с администрацией.

Неравнодушное отношение корреспондентов газеты к судьбе отрасли, к судьбам отдельных людей, честное отражение происходящих событий и профессионализм в подаче материала помогли газете завоевать небывалую популярность среди железнодорожников. В лучшие годы ее тираж превышал 33 тысячи экземпляров.

